



**№ 1 (37)
2015**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
<http://www.izrk.kz> сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Ғабдуәлиев
Д. Досмырза
И.Қ. Елеусізова
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
Т.Е. Қаудыров
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел: 8(7172) 74-02-06; факс: 8(7172) 74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

2014 жылдың қорытындысы және 2015 жылға арналған басымды міндеттер бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы туралы, Астана қ., 2015 жылғы 6 ақпан (ҚР Әділет министрлігінің баспа қызметі).....	5
Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70-жылдығы.....	9
З.К. АЮПОВА, Ә.Ғ. САҚТАҒАНОВ Ұстаздар және тәлім- герлер – соғыс батырлары туралы.....	9
Ж.И. ИБРАГИМОВ Ұлы Отан соғысына қатысушы заңгерлер	13
Конституциялық және әкімшілік құқық	18
З.К. АЮПОВА, Д.Ө. ҚҰСАЙЫНОВ Қазақстан Республика- сындағы тәуелсіздіктің конституциялық-құқықтық негіздері туралы мәселесіне.....	18
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА, И.О. ӘУБӘКІРОВА Қазақстан Респу- бликасы мен Еуропа елдеріндегі мемлекеттік қызметті құқық- тық қамтамасыз ету: салыстырмалы тәжірибе.....	23
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	29
А.А. МҰҚАШЕВА Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша қоғамдық бірлестіктерінің қызметін құқықтық реттеу.....	29
Ж.О. ТІЛЕМБАЕВА Қазақстан Республикасы заңнамасының кейбір салалары мен ішкі салаларын кодификациялау мәселелері туралы.....	36
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	41
А.Қ. ҚАНАТОВ, Н.М. МҰНАЙТБАСОВ Сотқа деген сенім- діліктің деонтологиялық негіздері.....	41
М.Д. ҚАРАЖАНОВ, А.Қ. ҚАНАТОВ Экологиялық қауіп- сіздікке қол сұғатын экологиялық қылмыстық құқық бұзу- шылықтардың криминологиялық сипаттамасы.....	45
Ж.К. ҚОЖАНТАЕВА Тонау заты туралы мәселе бойынша...	
М.К. ЖОЛЫМБАЕВ, Г.Ж. ӘМІРОВА Жасырын тергеуінің процесуалдық әрекеттерінің кәзіргі заманның континентал- дық қылмыстық-процесінің заңнамасы.....	57
А.Ж. ЖЫЛҚЫБАЕВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Кәмелет жасқа толмаған- дардың қылмыстылығы криминологиялық зерттеу объектісі ретінде.....	63

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	68
М.А. СӨРСЕМБАЕВ Еуропа одағы тәжірибесі тұрғысында қоршаған ортаға энергетика әсерінің ЕАЭО аясындағы құқықтық мәселелері.....	68
Қ.С. МӘУЛЕНОВ Миграциялық үдерістер саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық ынтымақтастығы.....	77
А.А. КАШИРКИНА, А.Н. МОРОЗОВ (Мәскеу қ.) Қазіргі халықаралық құқық трендідегі еуразиялық интеграциялық процестер.....	83
Құқықтық мониторинг	92
Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА Заңнаманың тиімділігін айқындау.....	92
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен	95
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Қазақстандағы тіл саясаты.....	95
Д.М. ШЫҢҒЫСБАЕВА Халықаралық шарт жобалары мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз етудегі кейбір мәселелер.....	100
М.Ә. ӘБДІРЕЕВА Заңнамалық актілер тілін жетілдіру мәселелері туралы.....	104
А.М. ҚАСЫМОВА Ұлттық терминологиядағы жүйелілік мәселесі туралы.....	108
Н.А. ХАМЗИНА Мемлекеттік тілдегі заңнаманың кейбір мәселелері.....	112
Шетелдік тәжірибе	116
С. САНСЫЗБАЙҚЫЗЫ Америка Құрама Штаттарының сот жүйесінің ерекшеліктері.....	116
Жас ғалым мінбері	122
Д.Ш. ҚҰСАЙЫНОВ Тұрғын үй қатынасы саласындағы алаяқтылықты тергеудің алғашқы сатысының ерекшеліктері.....	122
О.В. ЛОЗОВАЯ Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасы: Еуропалық Одақ құқығымен салыстырмалы сараптама.....	128
Ж.А. МАМИТОВА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына халықаралық шарттарды имплементациялау тәртібінің өзекті сұрақтары.....	134
Е.А. ОМАРОВ Қылмыстық іс бойынша халықаралық тапсырмаларды орындау барысында алынған құпия мәліметтерді сақтау қағидасы.....	139
Ж.К. ЖИЕНТАЕВА Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі халықаралық ынтымақтастық.....	144
З.Б. ОМАРХАНОВА Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану қылмысындағы елеулі зиян ұғымын анықтау мәселелері.....	149
А.Т. БЕКЕН Радмиссия және Біріккен Ұлттар Ұйымы.....	154
Д.Ж. СМАҒҰЛОВА Ғарыштық қоршаған ортаны ластағаны үшін халықаралық құқықтық жауапкершілік (Қазақстан Республикасы тәжірибесі).....	158
А.Ж. САДЫҚОВ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметін құқықтық реттеудің кейбір мәселелері.....	164
Ақпараттық хабарламалар	169
2015 ж. 3 сәуірде Астана қ. өткізілетін әкімшілік рәсімдерді заңнамалық реттеуді жетілдіру мәселелері, оның ішінде «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заң жобасын (жаңа редакция) әзірлеу сұрақтары бойынша дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама	169
Н.А. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері	171
Мерейтой	172
З.Ғ.Д., проф. М.С. Нәрікбаевтің 75 жылдық мерейтойына орай.....	172
З.Ғ.Д., проф. Қ.С. Мәуленовтің 60 жылдық мерейтойына орай.....	174



**№ 1 (37)
2015**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
<http://www.izrk.kz>

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Габдуалиев
Д. Досмырза
И.К. Елеусизова
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

О расширенном заседании коллегии Министерства юстиции Республики Казахстан по итогам 2014 года и приоритетным задачам на 2015 год, г. Астана, 6 февраля 2015 года (пресс- служба Министерства юстиции РК).....	5
70-летие Победы в Великой Отечественной войне.....	9
З.К. АЮПОВА, А.Г. САКТАГАНОВ Об учителях и настав- никах - героях войны.....	9
Ж.И. ИБРАГИМОВ Юристы-участники Великой Отечест- венной войны.....	13
Конституционное и административное право	18
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ К вопросу о конституцион- но-правовых основах суверенитета в Республике Казахстан Л.Т. ЖАНУЗАКОВА, И.У. АУБАКИРОВА Правовое обеспечение государственных услуг в Республике Казахстан и европейских странах: сравнительный опыт.....	18 23
Гражданское и гражданско-процессуальное право	29
А.А. МУКАШЕВА Правовое регулирование деятельности общественных объединений по законодательству Республики Казахстан.....	29
Ж.У. ТЛЕМБАЕВА О проблемах кодификации некоторых отраслей и подотраслей законодательства Республики Казахстан.....	36
Уголовное право и уголовный процесс	41
А.К. КАНАТОВ, Н.М. МУНАЙТБАСОВ Деонтологические основы повышения доверия к суду.....	41
М.Д. КАРАЖАНОВ, А.К. КАНАТОВ Криминологическая характеристика уголовных правонарушений, посягающих на экологическую безопасность.....	45
Ж.К. КОЖАНТАЕВА К вопросу о предмете грабежа.....	52
М.К. ЖОЛУМБАЕВ, Г.Ж. АМИРОВА О конфиденциальных процессуальных действиях в современном континенталь- ном уголовно-процессуальном законодательстве.....	57
А.Ж. ЖИЛКУБАЕВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Преступность несовершеннолетних как объект криминологического изучения.....	63

Международное право и сравнительное правоведение	68
М.А. САРСЕМБАЕВ Правовые проблемы влияния энергетики на окружающую среду в рамках ЕАЭС в свете опыта Европейского союза.....	68
К.С. МАУЛЕНОВ Международно-правовое сотрудничество Республики Казахстан в области миграционных процессов.....	77
А.А. КАШИРКИНА, А.Н. МОРОЗОВ (г. Москва) Евразийские интеграционные процессы в тренде современного международного права.....	83
Правовой мониторинг	92
Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА Определение эффективности законодательства.....	92
Из практики законотворчества на государственном языке	95
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Языковая политика в Казахстане.....	95
Д.М. ШЫНГЫСБАЕВА Некоторые вопросы обеспечения аутентичности текстов международных договоров.....	100
М.А. АБДРЕЕВА О проблемах совершенствования языка законодательных актов.....	104
А.М. КАСЫМОВА О проблеме системности в национальной терминологии	108
Н.А. ХАМЗИНА Некоторые вопросы законодательства на государственном языке.....	112
Зарубежный опыт	116
С. САНСЫЗБАЙҚЫЗЫ Особенности судебной системы Соединенных Штатов Америки....	116
Трибуна молодого ученого	122
Д.Ш. КУСАИНОВ Особенности первоначального этапа расследования мошенничества в сфере жилищных отношений.....	122
О.В. ЛОЗОВАЯ Законодательство Республики Казахстан в сфере защиты персональных данных: сравнительный анализ с правом Европейского Союза.....	128
Ж.А. МАМИТОВА Проблемные вопросы порядка имплементации международных договоров в уголовное законодательство Республики Казахстан.....	134
Е.А. ОМАРОВ Принцип конфиденциальности сведений, полученных в ходе исполнения международных поручений по уголовным делам.....	139
Ж.К. ЖИЕНТАЕВА Международный опыт в борьбе с коррупцией.....	144
З.Б. ОМАРХАНОВА Проблемы определения понятия «существенный вред в превышении власти или должностных полномочий».....	149
А.Т. БЕКЕН Радмиссия и Организация Объединенных Наций.....	154
Д.Ж. СМАГУЛОВА Международно-правовая ответственность за загрязнение космической окружающей среды (опыт Республики Казахстан).....	158
А.Ж. САДЫКОВ Некоторые проблемы правового регулирования предпринимательской деятельности некоммерческих организаций по законодательству Республики Казахстан....	164
Информационные сообщения	169
Информационное сообщение о круглом столе по вопросам совершенствования законодательного регулирования административных процедур, в том числе разработки проекта Закона «Об административных процедурах» (новая редакция) 3 апреля 2015 года в г. Астана	170
Максимы и афоризмы Н.А. Шайкенова	171
Юбилей	172
К 75-летию д.ю.н., проф. М.С. Нарикбаева.....	172
К 60-летию д.ю.н., проф. К.С. Мауленова.....	174



Бекен Аяна Тоқсанбайқызы,
*ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының
 НҚА және халықаралық шарттар жобаларына
 ғылыми лингвистикалық сараптама секторының
 кіші ғылыми қызметкері*

РЕАДМИССИЯ ЖӘНЕ БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ

Қазіргі заманда заңсыз көші-қонмен күрес саласындағы әлемдік тәжірибе реттелмеген құқықтық мәртебесі бар көшіп келушілерді өздері азаматы болып табылатын немесе олар тұрақты тұратын мемлекеттерге қысқа мерзімдерде қайтаруға мүмкіндік беретін реадмиссиялық келісімдердің жоғары тиімділігін көрсетті. Бүгінгі күні Қазақстан көші-қон үдерісін реттеудің жаңартылған саясатын қалыптастыруда, өз кезегінде бұл маңызды институттарының бірі реадмиссия институты болып табылатын көші-қондық заңнаманы жетілдіру қажеттілігін туындатады. Сондай-ақ, реадмиссия туралы келісім қатысушы елдер арасындағы визалық режимді оңайлатуға септігін тигізеді.

Қазіргі уақытта байқалып отырған қарқынды көші-қон үдерісі ұлттық және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінің өзектілігін арттыра түсуде. Осындай жағымсыз үдерістермен күрес жақын болашақтағы мемлекеттік саясат басымдықтарының бірі ретінде анықталған, бұл ретте «бақылаусыз көші-қон процестері» ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қатерлері қатарында айрықша орын алған [1].

Мемлекеттердің реадмиссия жөніндегі ынтымақтастығын дамытудың маңыздылығын Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық құқық комиссиясының (бұдан әрі – БҰҰ ХҚК немесе Комиссия) «Елден шығару» атты жұмысы да нықтай түседі. 2000 – 2012 жж. аралығында БҰҰ ХҚК Елден шығару жөніндегі баптар жобасын әзірледі, нақтырақ айтқанда, онда реадмиссия туралы ережелер қамтылған.

БҰҰ ХҚК – БҰҰ шеңберінде реадмиссия мәселесіне назар аударушы халықаралық орган болып табылады. БҰҰ Халықаралық құқық комиссиясының елден шығару мәселесіне, оның ішінде реадмиссия мәселесіне назар аударуы және елден шығару бойынша баптар әзірлеу жөніндегі әрекеттері келешекте реадмиссия

туралы келісімдерге енгізу үшін адам құқығын анағұрлым толығырақ сақтауды қамтамасыз ететін стандартты қағидаларды әзірлеуге себепкер болуы мүмкін.

1998 жылы өзінің елуінші сессиясында Халықаралық құқық комиссиясы құрамында «Шетелдіктерді елден шығару» атты тақырыбы қамтылған Жоспарлау бойынша топтың баяндамасын қабылдады және оны Комиссия жұмысының ұзақ мерзімді бағдарламасына енгізіп, 2000 ж. 52-сессиясында оны орындап шықты.

БҰҰ ХҚК халықаралық құқық бойынша шетелдіктерді елден шығару үшін құқықтық базаны құрайтын іргелі қағидаларға негізделуі және жан-жақты құқықтық тәртіпті қамтуы тиіс «Шетелдіктерді елден шығару» тақырыбы бойынша баптардың жобаларын әзірлеуге қатысты шешім қабылдады.

БҰҰ ХҚК 52-сессиясында шетелдіктерді елден шығару мәселесі терроризм және заңсыз көші-қонмен күрес аясында қаралды. Шетелдіктерді елден шығаруды терроризм және заңсыз көші-қонмен күрес контекстінде қарау барысында, терроризммен күрес бойынша талаптардың ұлғаюына байланысты көп мемлекеттердің тарапынан шетелдік азаматтарға сенімсіздік артып, олардың өз аумақтарына келуге және болуға қатысты шектеулерді өздерінің ұлттық заңнамаларына енгізе бастағандары туралы айтылды.

Комиссияның 2000 жылғы сессиясы барысында шетелдіктерді елден шығару бойынша үкіметтің шешімінің басқа мемлекеттер тарапынан оларды қабылдау жөнінде қандай да бір міндеттемелерді көздемейтіндігі айтылды. Тура сол сияқты, транзиттік мемлекеттер туралы мәселе де көтерілді және бұл мемлекеттер де өз аумақтарына елден шыққан шетелдіктерді қайта қабылдауға міндетті емес екендіктері ұсы-

нылды [2].

2004 жылы өткен Халықаралық құқық комиссиясының 56-сессиясында Комиссия «Шетелдіктерді елден шығару» тақырыбын өзінің жұмыс бағдарламасына енгізу туралы қаулы етті және осы тақырып бойынша Морис Камтоны Арнайы баяндамашы етіп тағайындады [3].

Шетелдіктерді елден шығару мен заңсыз көші-қонның байланысын мысалға келтіре отырып, Арнайы баяндамашы Морис Камто жалпы алғандағы көші-қонның деңгейін төмендетуге және заңсыз көші-қонмен күресуге бағытталған еуропалық елдер қалыптастырған екі жаңа құқықтық құбылысты айқындады: реадмиссия туралы келісімдер және транзит туралы келісімдер жасасу.

Арнайы баяндамашы келесіні атап өткен болатын: «Рeadмиссия туралы келісім заңсыз иммигранттарды олар тоқтаған елден «орын ауыстырғызу» үшін қажетті шарттар және құқықтық негіздер қамтитын екіжақты келісім болып табылады. Бұл заңсыз иммигранттарды «қабылдаушы» мемлекет пен олар шыққан мемлекеттер арасында жасалған шарт және оған сәйкес, сұрау салушы мемлекет есебінен және оның жауапкершілігіне тапсырылған жеке басы анықталған иммигранттарды сұрау салынатын мемлекет қабылдауға міндеттеледі. Бұл тәжірибе кең таралып келе жатыр» [4].

Хатшылықтың меморандумында әрбір мемлекеттің шетелдіктерді елден шығаруға құқығы бар делінген, алайда, елден шығару құқығы шексіз емес, мысалы, құқықтарды асыра пайдалануға тыйым салумен, адал ниеттілік қағидатымен, шетелдіктермен қарым-қатынас жасауға қатысты стандарттармен шектеу қойылады [5].

Комиссия өзінің 60 - сессиясында (2008 жыл) Арнайы баяндамашының төртінші баяндамасын (A/CN.4/594) қарап шығып, екі және көп азаматтығы бар адамдарды елден шығаруға қатысты мәселелерді қарау үшін жұмыс тобын құруды шешті.

2012 жылғы 7 мамыры - 1 маусымы аралығында Женевада өткен Халықаралық құқық комиссиясының 64-сессиясының бірінші бөлігінде күн тәртібіне енгізілген басқа мәселелермен қатар шетелдіктерді елден шығару, экстрадициялау бойынша міндеттемелер немесе сот тәртібінде қудалау мәселелері де қаралды (aut dedere aut judicare) [6].

Халықаралық құқық комиссиясының 64-сессиясының бірінші оқылымында шетелдіктерді

елден шығару бойынша 1-32 баптар жобасының мәтіні қабылданды, оларды әзірлеу 2000-2012 жылдар аралығында жүзеге асырылған болатын. Баптар жобасында реадмиссияның жалпыға бірдей анықтамасы қамтылмаған, алайда қағидалардың екі тобы көзделген: біріншісі реадмиссиямен жанама түрде, ал екіншісі тікелей байланысты. Қағидалардың бірінші тобы шетелдікті елден шығарудың, елден шығаруға жататын шетел азаматтарының құқықтарын қорғаудың, т.с.с негіздерін қамтиды [7].

Елден шығару бойынша баптардың жобасында тікелей реадмиссияға бір бап арналған (29-бап). Төменде оларды жан-жақты қарастырамыз.

Рeadмиссияға жанама түрде қатысы бар баптардың мағынасы келесіде. Елден шығару бойынша әзірленген баптар шетел мемлекетінің аумағында заңды немесе заңсыз жүрген шетелдіктерге қатысты қолданылады (1-баптың жобасы).

Мемлекет шетелдікті тек заңмен қарастырылған негізде ғана елден шығаруы мүмкін, сондай-ақ ол халықаралық құқық нормаларына қарама-қайшы келетін негіздер бойынша шетелдікті елден шығармауы тиіс (5-баптың жобасы). Сонымен бірге, мемлекет өз аумағында заңды түрде жүрген босқынды, сондай-ақ, босқын деп тану туралы өтініші қаралып жатқан және өз аумағында заңсыз түрде тұрып жатқан босқынды да елден шығаруға тиісті емес (6-бап жобасының 1-2 тармағы).

Мемлекет нәсілі, діни сенімі, азаматтығы, саяси пікірлері немесе белгілі бір әлеуметтік топ қатарына жатуы себептері бойынша босқынның өміріне немесе бостандығына қуғындалу қаупі төнетін мемлекетке немесе мемлекеттің шекарасына оны жөнелтпеуге немесе қайтармауға (refouler) тиіс (6-бап жобасының 3 тармағы).

Елден шығару туралы баптардың қабылданған жобасында ұжымдық түрде елден шығаруға тыйым салу (10-баптың жобасы), оның активтерін тәркілеу мақсатында шетелдікті елден шығаруға тыйым салу (12-баптың жобасы) көзделген. Сонымен қатар, мемлекет іске асырылып жатқан экстрадициялау рәсімін (ongoing extradition procedure) айналып өту мақсатында елден шығаруды (expulsion) қолданбауға тиіс (13-баптың жобасы).

Әзірленген баптар жобасының «Елден шығаруға жататын шетел азаматтарының құқықтарын қорғау» атты 3-бөлімінде келесі қағидалар қарастырылған: елден шығаруға

жататын шетелдіктердің құқықтарын құрметтеу міндеті (14-баптың жобасы); кемсітушілікті болдырмау бойынша мемлекеттердің міндеті (15-баптың жобасы); адамдардың осал топтарының құқықтарын қорғау (16-баптың жобасы); елден шығаруға жататын шетелдіктің өмір сүру құқығын қорғау (17-баптың жобасы); азаптауларға немесе қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысқа тиетін қарым-қатынастарға немесе жазалау шараларына тыйым салу (18-баптың жобасы); елден шығаруға жататын шетел азаматын күтіп ұстау шарттары және т.б.

29-бап жобасының реадмиссияға тікелей қатысы бар. Ол «Елден шығарушы мемлекет үшін реадмиссия» (Readmission to the expelling State) деп аталады. Онда: «Қандай-да бір мемлекеттің аумағында заңды түрде тұрып жатқан және осы мемлекет тарапынан елден шығарылып жатқан шетелдік, егер құзыретті орган елден шығару әрекетін заңсыз деп тапса, сондай-ақ оның қайтарылуы ұлттық қауіпсіздікке немесе қоғамдық тәртіпке қатер төндірген немесе елден шығарушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес, шетелдік бұдан әрі қабылдау шарттарына сәйкес келмеген жағдайларды қоспағанда, елден шығарушы мемлекетке реадмиссияланушы болу құқығына ие. егер Ешқандай жағдайда да елден шығару туралы мұның алдында қабылданған заңсыз шешім шетелдікті реадмиссиялауға бөгет бола алмайды,» - делінген.

29-бап жобасына берілген түсініктемеде «заңсыз елден шығару себебінен мемлекеттің аумағынан кетуге мәжбүр болған шетел азаматы елден шығарушы мемлекеттің аумағына қайтадан келуге құқылы. Бірақ шетел азаматының мұндай құқығы мемлекеттердің ұлттық заңнамаларында да, халықаралық деңгейде де әртүрлі нысанда танылғанына қарамастан, елден заңсыз шығарылған шетел азаматының жеке құқығы ретінде позитивті құқықта реадмиссиялануға құқықтың бар екендігі туралы нақты айтуға мүмкіндік беретін бірыңғай тәжірибе жоқ» [8].

Халықаралық құқық комиссиясының өтініші бойынша Хатшылық дайындаған 2013 жылғы 14 наурыздағы «Халықаралық қарапайым құқықтың қалыптасуы және дәлелі» атты меморандумына сәйкес, кейбір жағдайларда бірыңғай мемлекеттік тәжірибенің болмауы қарапайым халықаралық құқық нормаларының өміршеңдігін жоққа шығарушы ретінде қарастырылады және мысал ретінде A/67/10 қарарының Шетелдіктерді елден шығару туралы 29-бабының жобасына түсініктеменің 1-тармағы көрсетіледі («Мұндай құқықты тану әртүрлі жағдайларда кейбір мемлекеттердің заңнамаларында және халықаралық деңгейде де өзгеше болуы мүмкін, алайда, позитивті құқықта елден заңсыз түрде шығарылған шетелдіктің жеке құқығы ретінде реадмиссиялануға құқықтың бар екендігі туралы нақты айту үшін тәжірибе жеткілікті түрде біртекті емес») [9].

Баяндалғандарды қорыта отырып, БҰҰ ХҚК елден шығару тақырыбына 1998 ж. бастап назар аударып бастағандығын атап өткен жөн. 2012 ж. елден шығару бойынша баптардың жобасы ұсынылды, онымен жұмыс жасау бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Шетелдіктерді елден шығару бойынша баптардың жобасы елден шығаруға жататын адамдарға қатысты мемлекеттердің міндеттерін, елден шығаруға жататын шетел азаматының құқықтарын, сондай-ақ нақты жағдайларда елден шығаруды қолдану мүмкіндігінің болуын немесе мүмкіндіктің болмауын және т.б. жан-жақты әрі толық дерлік қамтыған, ал нақты реадмиссияға қатысты айтар болсақ, мұнда оның ерекшеліктері сипатталған.

Хатшылықтың 2013 ж. Меморандумында БҰҰ ХҚК өзінің жұмысын аталған бағытты жете зерделеу бойынша жалғастырады деп көрсетілген, бұл, сондай-ақ аталған мәселенің теориялық тұрғыдан тым жеткіліксіз пысықталғандығымен байланысты. Ал өз кезегінде ол реадмиссиялауды іс жүзінде қолдану үшін маңызды болары сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527>;
2. General Assembly, A/CN.4/573. International Law Commission, Fifty-eight session, Geneva, 1 May-7 June and 3 July – 11 August 2006. Second report on the expulsion of aliens by Mr. Maurice Kamto, Special Rapporteur. URL: <http://www.un.org/law/ilc/>;
3. General Assembly, A/67/10. Report of the International Law Commission. Sixty-fourth session (7 May – 1 June and 2 July – 3 August 2012). URL: www.un.org/law/ilc/;

4. General Assembly, A/CN.4/573. International Law Commission, Fifty-eight session, Geneva, 1 May-7 June and 3 July – 11 August 2006. Second report on the expulsion of aliens by Mr. Maurice Kamto, Special Rapporteur. URL: <http://www.un.org/law/ilc/>;
5. General Assembly, A/CN.4/565. Expulsion of aliens. Memorandum by the Secretariat. Fifty-eight session of International Law Commission (1 May – 9 June and 3 July – 11 August 2006). URL: <http://www.un.org/law/ilc/>;
6. General Assembly, A/67/10. Report of the International Law Commission. Sixty-fourth session (7 May – 1 June and 2 July – 3 August 2012). URL: www.un.org/law/ilc/;
7. General Assembly, A/CN.4/L.797. Expulsion of aliens: Texts of draft articles 1-32 provisionally adopted on first reading by the Drafting Committee at the sixty-fourth session of the International Law Commission. 24 May 2012. URL: <http://www.un.org/law/ilc/>;
8. General Assembly, A/67/10. Report of the International Law Commission. Sixty-fourth session (7 May – 1 June and 2 July – 3 August 2012). URL: www.un.org/law/ilc/;
9. General Assembly, A/CN.4/659. Formation and evidence of customary international law - Elements in the previous work of International Law Commission that could be particularly relevant to the topic. Memorandum by the Secretariat. 14 March 2013. URL: <http://www.un.org/law/ilc/>



*Мақалада реадмиссия мәселесі Біріккен Ұлттар Ұйымы деңгейінде қарастырылады.
Түйін сөздер: реадмиссия, миграциялық процестер, БҰҰ.*

*В статье вопросы реадмиссии рассматриваются на уровне Организации Объединенных Наций.
Ключевые слова: реадмиссия, миграционные процессы, ООН.*

*Readmission issues are mentioned in the article at the UN level.
Keywords: readmission, migration process, UN.*

Аяна Токсанбайқызы Бекен,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар
жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының кіші ғылыми қызметкері
Рeadмиссия және Біріккен Ұлттар Ұйымы

Бекен Аяна Токсанбаевна,

младший научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и
международных договоров Центра лингвистики Института законодательства РК
Рeadмиссия и Организация Объединенных Наций

Beken Ayana Toksanbayevna,

junior Researcher fellow of the sector of scientific-linguistic expertise of legal acts and international
agreements of the LinguisticCenter of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan
Readmission and United Nations Organization